

Астана Ақшамы. – 2022.-№31. – 17 наурыз

Абдыров А., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің
ҰАҚ ректоры

Қуатты өңірлер – қуатты ел

Жаңа Қазақстанның құрылысы туралы өзінің тарихи Жолдауында Президент Қ. Тоқаев саяси саладағы реформаның жолын нақты белгілеп берді. Оның ішінде билікті орталықсыздандыру және барлық деңгейдегі мәслихаттардың рөлін арттыру арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейту, олар мемлекеттік органдармен бірлесіп, халықтың пікірін ескере отырып, жергілікті жерлердегі өмірді жақсарту мәселелерін шешуге тиіс.

Бүгінде мәслихаттардың жұмысын ұйымдастырудың нақты ережесі жоқ, мәслихаттардың өздерінің де, олардың депутаттарының да өкілеттіктерін қайта қарау қажет.

Мәслихаттардың құрамында тек үстем емес, барлық партиялардың өкілдері болуға тиіс, өйткені олар халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін білдіреді. Сондықтан партия жүйесін дамыту-уақыт талабы және оны одан әрі жетілдіру керек.

Президенттің бастамасы бойынша оның өкілеттіктерін қайта қарау ұсынылады және бұл дұрыс, өйткені оның өкілеттігінің бір бөлігін беру барлық процестерге басқа құрылымдар мен мемлекеттік органдарды тартуға мүмкіндік береді, ал мұның бәрі бірге бүкіл қоғамды демократияландырудың іргетасы болып табылады.

Мен Президент Қ. Тоқаевты және оның туған Қазақстанымызды барлық бағытта дамытуға деген ұмтылысын толық қолдаймын. Оларға біз үшін ең бастысы – біздің тәуелсіздігіміз, аумақтардың тұтастығы және барлық азаматарымыздың өмір сүру жағдайларын жақсарту екендігі дұрыс айтылды. Ең бастысы, Мемлекет басшысы Қазақстан халқымен бірге!

«Қазір Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Әлеуметтік, экономикалық және демографиялық ахуал мүлде басқа. Бүгінгі сын-қатерлер де, міндеттер де бөлек. Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тәкелей байнылысты. Бұл мәселеге 2019 жылғы Жолдауымда кеңірек тоқталдым. «Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным өзекті. Осы орайда еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды» деді Мемлекет басшысы.